

# Қол жетпейтін несие

басы 1 бетте

## Микрокредиттік ұйымдарды бақылауды күшейту керек

Енді бастапқы әңгімімізге қайта оралсақ. Шағын және орта бизнес тек қана Астана, Алматы қаласы мен облыс орталықтарында дамымауы керек. Сонымен қатар алыс ауылды жерлерде де шағын кәсіпкерлік барынша дамуы тиіс. Сол кезде ауыл тұрғындары қалаға ағылып, жұмыс іздемейді. Бұл үшін Үкімет ауылды жердегі шағын кәсіпкерлікті дамытуға барынша жағдай жасауы керек. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атқарушы билікке өңірлерді дамытуға қатысты нақты тапсырмалар бергенін білеміз. Тіпті, бұл бағытта нақты Үкімет құрамынан ҚР Өңірлік даму министрлігі құрылды. Бірақ әлі де болса алыс ауылды жерлерде кәсіпкерлік саланы дамыту үшін қаржылық ресурстар тапшы болып отыр. Еліміздегі екінші деңгейлі банктер ауылды жердегі кәсіпкерлермен байланыс орнатып, олардың ісін несиелеуге мүлде құлықсыз. Өйткені ауыл халқының банктерге өткізе қоятын кепілзаты жоқ. Болған күннің өзінде оның жілігі татымайды. Өз басым таяу уақытта коммерциялық банктер ауылға ат ізін салады дегенге сене алмаймын. Бүгінде ауылды жердегі бизнесті дамыту ісі тек қана мемлекет пен микрокредиттік ұйымдарға тіреліп тұр. Үкімет ауылдағы шағын кәсіпкерлікті дамытуға қыруар қаржы бөлуде. Бірақ соны шаруаның қолына тікелей жеткізе алмай отырғанын көріп отырмыз. Бұл ретте микрокредиттік ұйымдардың да ауылға тиімді несие таратып отырғаны шамалы. Мемлекеттің ауылды өркендетуге бөлінген қаржысының біраз бөлігіне шағын несиелік ұйымдар ие болып, оған қомақты пайыздық үстмесін қосатыны жасырын емес. Бірақ микрокредиттік ұйымнан несие алуға шаруаның жүрегі дауаламайды.

Жалпы алғанда мемлекет ауылдың ахуалын жақсарту жолында тиісті қаржысын бөліп отыр. Бірақ сол қаржының қалай жұмсалып жатқанын бақылау жағы кемшін түсіп жатқанын мойындауымыз керек. Айталық, осыған дейін мемлекет қаржысына ие болған микрокредиттік ұйымдардың ісін бақылайтын орган болған жоқ. Оларды тек қана салық органдары бақылап келді. Ал

салық органдары үшін кез келген мекеменің салықтық есебін дұрыс тапсырса болғаны. Сондықтан мұны бақылау деп айтуға келмейді. Олар ұйымның ішкі жұмысына араласпайтыны белгілі. Сондықтан еліміздегі микрокредиттік ұйымдардың пайыздық үстемесі бақылаусыз өсті. Нәтижесінде қарапайым ауыл халқының несиеге қолжетімділігі арманға айналып қала берді. Таяуда ғана микрокредиттік ұйымдардың жұмысын реттейтін арнайы заң шықты. Енді олардың жұмысын бақылау ісі Ұлттық банкке жүктелді. Бірақ әлі де болса, микрокредиттік ұйымдардың пайыздық үстемесін көтеру ісіне Ұлттық банк тосқауыл қоя алмай отыр. Ал пайыздық үстемесі жоғары несие бизнестің кез келген түрі үшін көптеген қиындықтар туғызатыны белгілі. Пайыздық үстеме кәсіпкер табысының қомақты бөлігін қарпып алып, бизнестің дамуына мүмкіндік туғызбайтыны анық. Өз басым микрокредиттік ұйымдарға қоятын талапты мейлінше күшейту керек деп есептеймін. Өйтпеген жағдайда алыс ауылдағы бизнесті дамыту мәселесі бос әңгіме болып қалады.

## «Даму» банктерден биік тұрсын

Бұдан басқа коммерциялық банктердің ірі елді мекендерде шағын бөлімшелерін ашуы тиіс. Банктерсіз ауылға қаржы ресурстарын жеткізу мүмкін емес. Қазіргі таңда еліміздегі ірі банктердің көпшілігінің аудан орталықтарында бөлімшелері бар. Сонда жұмыс істейтін қызметкерлері кәсіпкерлік саланы несиелеу жұмысын күшейтуі керек. Тіптен қажет болса, мемлекет екінші деңгейлі банктердің алыс ауылдарда несиелік бөлімшелерін ашуды талап етуі қажет. Сонда ғана ауылда шағын кәсіпкерлік кең көлемде қанат жаяды.

Енді «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры жайында бірер сөз айтсам. Әлемдік қаржы дағдарысы кезінде, одан бұрын да «Дамуға» Ұлттық қордан шағын және орта бизнесті қолдауға қатысты миллиардтаған қаржы бөлінгенін білеміз. Бірақ, сол ақшаның бәрі айналып келіп, екінші деңгейлі банктердің ырысын арттыруда. Еліміздегі шағын және орта бизнестің қаржы ресурстарына қолжетімділігін арттыру ісі «Даму» қорына



## Қаржы

жүктелгенін бәріміз білеміз. Өкінішке орай, «Даму» қоры қасаң қағиданың шеңберінен шыға алмауда. Бүгінде «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры банктерге айтқан сөзін өткізе алмайтынын бәріміз білеміз. Меніңше, «Даму» қоры екінші деңгейлі банктерден бір саты жоғары тұруы керек. Бұл ретте қор басшылары Үкіметке ұдайы ұсыныс жасап, мемлекет қаржысын қарапайым кәсіпкерлерге төмен пайызбен жеткізудің жолдарын ұсынуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда қор менеджерлері өз жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарамай отырғанын байқаймыз. Меніңше, мемлекет қаржысын кәсіпкерлерге төмен пайызбен жеткізудің түрлі жолдары бар. Айталық, бүгінде мемлекеттің бақылауында бірнеше банктер бар. «Даму» қоры солармен жұмыс істеп, мемлекеттің бизнесті қолдауға бөлінген қаржысын төмен пайызбен жеткізуге болады деп есептеймін. Осылайша кәсіпкерлердің тиімді қаржы ресурстарына қолжетімділігін арттыруға күш салудың маңызы зор. Тағы бір айта кететін жайт, кез келген кәсіпкер «Даму» қорынан өзіне қажетті несие тез алып кете алмайтыны жасырын емес. Бюрократиялық кедергілер

өте көп. Ондаған кезеңдерден өтіп, әкімдік пен түрлі комиссияның «батасын» алғаннан кейін ғана несиеге қол жеткізуге болады. Алдағы уақытта «Даму» қоры кәсіпкерлерді қысқа мерзімде, ешқандай кедергісіз несие алу ісін оңтайландыруы керек.

Үкімет тоқыма-тігін саласын дамытамыз деп мәселе көтеріп, әңгіме айта бастағанына біраз жылдың жүзі болды. Саланы сауықтыруға бөлінген қаржының есебінен жаңылудамыз. Қазір біздер өзімізге қажетті тоқыма-тігін саласы өнімдерінің 3-5 пайызын ғана өндіріп отырмыз. Ал қалған 95 пайыздан астам өнім сырттан тасымалданады. Кезінде елімізде жеңіл өнеркәсіп саласында жан-жақты жұмыс істеген «Жетісу», «АХБК» сынды кәсіпорындар болды. Бүгінде қарапайым халық олардың бар-жоғын білмейді. Біздер осыған дейін мемлекет қаржысын тиімді бағытта жұмсай алмадық. Алдағы уақытта өндіріспен айналысатын кәсіпорындарға мемлекет түрлі банктер мен қорлардың көмегіне жүгінбей-ақ, тікелей қаржы салудың жолын қалыптастырған жөн.

Жанат АБДЫҚАЕВ, экономист

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Біз не дейміз, «Doing Business» не дейді?

«Doing Business». Әлем елдеріндегі кәсіпкерліктің қазіргі күні тыныс-тіршілігін таразылап, аталған саладағы ахуалға өз тарапынан баға беретін Дүниежүзілік банктің дәстүрлі рейтингі.

Айтайық дегеніміз, бұдан біраз бұрын еліміздегі бірқатар ақпарат құралдары «Қазақстан – «Doing Business» рейтингінде 50-ші орынға көтерілді. Бұл біздің еліміздегі бизнестің өркендеп келе жатқандығын дәлелдейді», – деп бірінен-бірі қалмай жарыса хабарлаған болатын. Иә, жасырары жоқ, кәсіпкерлік саласы қанат жайған 50 елдің қатарынан көрініп жатқанымыз айтуға тұрарлық-ақ ақпар.

Өйткенмен, біз бұл межеге қалай жеттік? Ішкі жалпы өнімдегі шағын және орта бизнесінің үлесі 20 пайызға да жетпей отырған ел қандай өлшемдер бойынша елулікке ілігіп отыр? Осы сауалдарға жауап алмақ болып аталған рейтингтің сайтына кіріп көрдік. Сөйтсек, естігеніміз бен көргеніміздің арасында біршама алшақтық бар екен.

Айталық, рейтингтің – 10 тармағы бойынша Қазақстан бұлардың 3-еуінде ғана өз көрсеткіштерін түзепті, ал бақандай – 5 тармағы бойынша төмен баға алған. Бір жылға жетер-жетпес уақытта елімізде бизнестегі әріптестік пен бәсекелестіктің маңызды құралдары саналатын – инвесторлардың құқығын қорғау ісі, кәсіпкерлікті тіркеу және несиелеу жұмыстары күрделеніп кеткен. Бұған, төмендегі суретке қарап-ақ көз жеткізсеңіз болады.



## Бизнес-ледилер көбейуде

Өзге шығыс елдерімен салыстырғанда, қазақ халқы қызын еркін тәрбиелеп, оның қоғамның белсенді мүшесі болуына жағдай жасайтынын осыдан-ақ байқауға болады. Соның арқасында қазір кәсіпкерлердің 52 пайызын қыз-келіншектер құрап отыр.

Бүгінде кәсіпкерлердің 52 пайызын қыз-келіншектер құрайды. Бұл жайында таяуда өткен «Әйелдерді саяси және экономикалық ынталандыру – бәсекеге қабілетті әлемге жол!» атты республикалық конференцияда ҚР Президентінің кеңесшісі, ҚР Президенті жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның төрайымы Гүлшара Әбдіхалықова мәлімдеді.

«Парламенттің төменгі палатасында әйелдердің саны 25,2 пайызды құрайды, бұл – ЕҚЫҰ кеңістігіндегі орташа көрсеткіштен жоғары. Ол туралы таяуда өткен «Әйел – қауіпсіз әлем» атты халықаралық конференцияда атап айтылды. Әйелдердің жергілікті атқарушы ұйымдардағы үлесі де 25 пайызды құрайды. 2002 жылдан бастап Ұлттық комиссияның бастамасы бойынша әйелдер кәсіпкерлігіне қолдау көрсету бағдарламасы жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде шағын және орта бизнеспен айналысушы әйелдер үлесі 52 пайызды құрайды. Ал дербес кәсіпкерлер қатарындағы

әйелдер – 66 пайыз. Яғни басым бөлік әйелдер үлесінде деген сөз. Еліміздің ІЖӨ-сін қалыптастыруда әйелдердің үлесі – 40 пайыз» деді Г.Әбдіхалықова.

Гүлшара Наушақызы қазақстандық әйелдердің әлеуеті өте қуатты екенін атап өтіп, Қазақстанның ТМД мемлекеттері арасында зорлық-зомбылыққа қарсы жүйе құрған жалғыз ел екендігіне тоқталды. Елімізде гендерлік теңдік саясатын белсенді түрде жүргізетін үкіметтік әйелдер ұйымдары қалыптасты. Қазақстандық әйелдердің білімі мен білігі, белсенділігі жылдан-жылға мойындалып, олар қоғамдық, мемлекеттік маңызды тетіктерде еңбек етуде. «Бүгінде барлық назар елді дамытуда әйелдердің үлесін ұлғайтуға жұмылдыруда» деді Әбдіхалықова ханым. Осы мақсатта әйелдердің білімін көтеру, оқыту және өзекті тақырыптар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Кәсіпкер әйелдерді қолдауда арнайы бағдарламаның да қажет екені сөзсіз. Бұл енді Үкіметтің құлағына алтын сырға.

Кедендік одаққа кіргелі бері талай мәселе көтерілді, айтылды, жазылды. Бірақ соның көбі қаперге алынып жатыр ма, жоқ па, білмедік. Алайда, жыл өткен сайын неше түрлі жағдайлар алдымызды кескестеп тұрғаны анықталды. Әсіресе, Ресей тарапынан қойылатын заңсыз тосқауыл-кедергілер қазақ кәсіпкерлерінің Кедендік одақтың мүмкіндігін пайдалануына кері әсерін тигізіп отыр. Сондықтан біздің ел өзінің экономикасын нығайтуға бағытталған шараларды қабылдауға ұмтылуы керек.

### Тендерсіз қалмайық

Әрине, одақ бір күнде құрылмайды. Оның құрылымы бірте-бірте жетіліп, өзгертіліп, толықтырылып отыратыны заңды. Онсыз ештеңе болмайды. Оның бәрін бір жола шешу мүмкін емес, уақыт пен қоғамдағы хәм әлемдегі түрлі жағдаяттарға байланысты шешімдер мен қарарлар, тұжырымдар мен құжаттар қайта қаралып жатады. Дейтұрғанмен, ондағы олқылықтарға назар аудармай, уақыт өзі реттейді деп немқұрайдылық таныту көптеген түйткілдерді күшейтуі кәдік. Сондықтан,

үрдістерімізге төнер сын-қатер де жоқ емес. Соның бірден-бірі біздің кәсіпкерлердің сол сәтке дайындығы. Одақтас екі елдің бізге қарағанда өндірістері дамыған, өздерінің нақты тауарлары молырақ. Демек, олардың кәсіпкерлері өз өнімдерін саудалап үйренген. Ал біздің кәсіпкерлер көп жағдайда алыпсатар деңгейінен ұзай қойған жоқ. Недәуір орта дәулетті, бизнеске әбден ысылған азаматтардың көбі дайынды сатып алып, оны қайта сатумен күн көріп жүр. Ертенгі күні одақтастарымыздың кәсіпорындары мен компаниялары біздегі түрлі тендерлерге қатысып, жеңіп жатса,



Кеден

# ЕСЕ ЖІБЕРМЕУДІ ЕСТЕ ҰСТАЙЫҚ

мемлекеттік, елдік мүддені қорғауда табандылық қажет.

Одақтастар арасындағы келісімшарттар мен қабылданған құжаттарды әбден пісіріп, өзінің ұсынысын толық айтып, екшейтінін екшеп, тексеретінін тексеріп барып, қол қойғаны дұрыс. Ресей мен Белоруссияның бізге қояр талабы мен біздің оларға қояр талабымыздың арасында теңгерімдік болғаны жөн. Көп жағдайда біздің есеміз кетіп қалып жатқанын экономистер нақты дәлелдеп келеді. Еліміздегі инфляцияның Кедендік одаққа енгеннен бері өсе түскені, тауардың қымбаттап, тұтынушының қалтасына салмақ түсіргені сан мәрте есепкісабымен көрсетілді.

Кәсіпкерлердің үлкен нарыққа қадам басуы үшін мемлекеттік қадағалау мен демеу аядай керек. Еліміздегі тендерлер мен мемлекеттік сату-сатып алу барысына енді аз уақыттан соң Ресей мен Белоруссияның кез келген заңды тұлғасы қатыса алады деп күтілуде. Бұл кәсіпкерлердің бәсекелестігін нығайтады. Бірақ, өзіміздің экономикалық

оған таңғалуға болмайды. Себебі, олардың кез келген тендерге қатысуға құқығы шектелмейді. Ал біздегілер оларға барып, тендерден жеңіске жете ала ма? Соны ойластырғанымыз абзал. Қазақ кәсіпкерлері Ресей нарығын жаулауға қауқарлы ма? Иә, ірі кәсіпкерлердің қайдан болса да орын табылады. Себебі, олар бұрыннан-ақ шетелмен байланыста әбден жетілген. Ал шағын кәсіпкерлер қай күнді бастан кешуі мүмкін. Ресейдің экономикалық әлеуеті нығайған сайын, шетелге, әсіресе ТМД елдеріне, оның ішінде Кедендік одақтағы бізге әртүрлі сала арқылы жақындай түседі. Күні ертен өзіміздің кәсіпкерлер тендерсіз қалуы бек мүмкін. Сондай-ақ, біздегі жемқорлық факторы да олардың ішімізге дендей енуіне жағдай туғызуы мүмкін. Себебі, Ресей мен Белоруссия да жемқорлықтың жолын кесіп жатқан жоқ. Қанша күрескенімен, жең ұшынан жалғасу өршіп тұрғаны шындық. Бұл факторды ескермесек, кейін бармақ тістеуіміз ғажап емес. Сондықтан қазірден бастап, кең ойланып, кесіп-пішуіміз қажет.

### Шегірткеден қорыққан егін екпейді

Кедендік одаққа мүше болған соң, одан шығуды емес, оның тиімділігін оңды пайдалануды ойлағанымыз артық болмайды. Еуразиялық одақтың бүгін-ертең құрылуы неғайбыл. Бірақ Кедендік одақ ары қарай ықпалын тереңдете бермек. Сондықтан біздің кәсіпкерлер Ресей мен Белоруссияның ішкі нарығын, қай салаларға өздерінің ене алатындығын, оның артықшылығы мен кемшілігін қадағалап, қалайда қанаттарын кеңейтуге күш салады деп сенемін. Мәселенки, өз тауарын Ресей нарығына шығарған кәсіпорындарға мемлекеттік субсидия мөлшері жоғарылап отыр. Олар осыны байқай білсе, шығындарынан кірімдері мол болатынын ескерсе, өзіміздің нарықпен шектелмеуге күш салар еді. Көп кәсіпкер шетелге тауар жеткізуді, өзінің базарын шетелде қалыптастыруды қиындық деп көреді. «Көре-көре көсем болады» деген сөз бар. Кедендік одақтың нақты тұжырымдамасын біздің кәсіпкерлерге жинақы түрде түсіндіру

жұмыстары қолға алынса, заңдық тұрғыдан өздерінің жұмыстарына сенімділік пайда болса, кәсіпкерлеріміз шыңдала түседі. Әлі де болса осы жағы кемшін секілді. Ішкі нарықты жете меңгергендер неге сыртқа есе жіберуге тиіс? Кәсіпкерлердің ұйымдары ұйысып, Ресейдің тендерлерін ұтып алып, өзінің әлеуеттілігін көрсетер күн де туары даусыз. Қазірдің өзінде ерте кимылдап, елден бұрын табысқа жетіп отырғандар да бар. Бірақ олардың саны аз. Сонымен қатар, біздің кәсіпкерлерге ынтымақ керек. Ресейдің нарығы ұшан-теңіз. Оны бірінен-бірі қызғанып марқадам таппайды. Қазақ кәсіпкерлері біріксе, білекті ғана емес, жүректі болады. Қауқарлы ғана емес, қалталы бола түседі. Бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі жебеп отырар ұстамдылық пен ұлттық мінез қажет. Онсыз үлкен нарықтан орын алу қиын. Шашырап жүргендерді шаң қаптырып кететін қуатты топтар болуы да заңдылық. Содан сақтанар жол өздері-өздері қорғау, өздерін-өздері жебеу.

Темір НАЗХАНОВ, сарапшы

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## POS-терминал орнатып үлгеріңіз!



Жалпылама салық режимінде жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер 2013 жылдың 15 қаңтарынан бастап кәсіпкерлер электронды төлем қабылдайтын POS-терминалдар орнатуға міндеттелген. Бірақ қысқа мерзім аралығында олар POS-терминалды орнатып үлгерме алмағаны белгілі. Кәсіпкерлер екі-үш айлап банктерден аталған жабдықты алу үшін сарылып, кезек күткенін де білеміз. О баста

банктер өздері орнатқан POS-терминалдан айына кем дегенде 500 мың теңге төлем қабылдауды талап еткен-ді. Бұл аз десеңіз, банк өзінің қызметі үшін ай сайынғы жалпы төлемнің 3 пайызын қызмет ақысы ретінде ұстап қалатындарын ашып айтты. Бұл шағын кәсіпкерлер үшін үлкен комиссия. Айталық, жеңілдетілген салық режимі бойынша жұмыс істейтін кәсіпкерлер мемлекетке

2013 жылы шағын және орта бизнес өкілдері бәрі бірдей POS-терминал орната алмай біраз қиналғаны белгілі. Өз кезегінде екінші деңгейлі банктер кәсіпкерлерге қажетті терминалды тауып бере алмай, істі тұйыққа тірегені есімізде. Ал салық органдары 2013 жылдың маусымынан бастап POS-терминал орнатпаған кәсіпкерлерге айыппұл салып, шетінен әкімшілік жазаға еді. Осындай қиын сәтте Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы бұл мәселеге биліктің назарын аударып, POS-терминалды орнату ісін оңтайландыруды және оны 2014 жылдың 1 қаңтарына дейін созуды ұсынған еді. Енді белгіленген мерзім таяп қалды.

өз табысының 3 пайызын салық ретінде төлейтіні белгілі.

Алдағы уақытта салық органдары кәсіпкерлер мен заңды және жекеменшік тұлғалар төлем қабылдайтын POS-терминал орнатпаған жағдайда Әкімшілік кодекстің 161-бабы бойынша айыппұл салады. Заңға сүйенсек, жеке кәсіпкерге 40 айлық есептік көрсеткіш бойынша айыппұл салу көзделген. Ал шағын және орта бизнес өкілдеріне — 60 АЕК, ірі кәсіпорындарға 80 АЕК айыппұл салынатынын ескертеміз.

Талғат Ақуов Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы POS-терминалға қатысты мәселені жарты жылдан бері үздіксіз көтеріп, шағын кәсіпкерлердің мүддесін қорғап келе жатқаны

баршаға мәлім. «2014 жылға дейін еліміздегі кәсіпкерлердің бәрі POS-терминал қоюы тиіс. Мұндай міндеттеме базарда сауда жасап отырған қарапайым саудагерге де қатысы бар. Бүгінде мыңдаған кәсіпкер аталған құралға қол жеткізе алмауда. Олардың POS-терминал орната алмауына түрлі себептер бар. Ең басты мәселе — екінші деңгейлі банктер POS-терминалды қойып үлгермеуінде. Кәсіпкерлердің диттеген мерзімге дейін терминал қоя алмай отырғанына бірінші кезекте банктер кінәлі», — деген болатын қауымдастық президенті Талғат Ақуов. Қаржы министрлігі POS-терминалды орнатуда жеке-леген компанияларға да лицензия берген.

Терминалдың құнын түсіру үшін әзірге ешқандай шара алынған жоқ. Желілік терминал (розеткаға қосылатын) оны орнатуға және әрі қарай қызмет көрсетуге арналған төлемдерді қоспағанда, 64 мың теңге тұрады. Бірақ тағы бір проблема — кабель. Егер әрбір сауда нүктесіне желі тартылса, бұл эстетикалық тұрғыда жарасымсыз әрі тұйықталу қаупі де әжептәуір артарады. Кейбір банктер желісіз терминал орнату шешімін ұсынады. Ұялы телефон көлемінде жабдықты едәуір қымбат: 89 мың теңге тұрады. Оған wi-fi керек. Банктердің айтуынша, сауда орталықтарының қожайындары оны жүргізгілері келмейді. Не үшін екені түсініксіз.

# Игерілмеген қаржы 150 млрд. теңге

Жыл сайын екі-үш реттен түзетілгеніне қарамастан бюджетте 30-40 млрд. теңге игерілмей қалуда. Таяуда Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы Гүлжан Қарағұсова 150 млрд. теңге игерілмегенін мәлім етті. Шамамен 11 бағдарлама әкімшісі қаражаттарын игере алмаған. Тиісті бағдарлама әкімшілерінен депутаттар тұшымды жауап ала алмапты.



Депутат бюджет қаражатының игерілмеуіне тек министрлік басшылықтары ғана емес, бағдарлама әкімшілері де кінәлі деп есептейді. Бұл бюджеттік тәртіптің жоқтығын немесе ең төменгі деңгейде екенін көрсететінін мәлімдеген депутат әрбір министрлік елімізде не болып жатқанынан хабардар болып отыруы тиіс екенін айтты. «Үкімет – бұл біртұтас орган. Сондықтан да, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі басқа министрліктен бөле-жара жұмыс істей алмайды. Ал ол үшін әрбір министрлік елімізде не болып жатқандығынан хабардар болуы керек. Әлбетте, кейбір артық буындар алып тасталуы мүмкін, дегенмен бұл – үкіметтік регламент. Сонымен

қоса, жаңа бюджеттік саясат бойынша ең ақыр аяғы түпкі нәтиже не екенін айқындауға және қаражатты тиімді пайдаланудың не екенін нақты түсінуге тапсырма жүктелді емес пе?», – деді Г.Қарағұсова. Сондай-ақ, депутат үшжылдық бюджет әлі күнге дейін ойдағыдай жасалынбай жатқанына өкініш білдіріп, бюджеттік заңнаманы жетілдіру қажет деп ойлайтынын жеткізді. Депутаттың пайымынша, көпшілік басты мәселе қаржыны жарату деген пікірде. «Ақшаны жұмсауды бәрі біледі, мәселе онда емес. Мәселе оның қалай жұмсалғанында. Бұл туралы Елбасы Н.Назарбаев бірнеше мәрте айтып өтті: мемлекеттік бюджет саясатындағы басты міндет – әрбір тиынның тиімділігінде. Сол

үшін белгілі бір бағдарламаның орындалуын еліміздегі әрбір азамат сезінулері керек. Осыған орай, Мемлекет басшысының ағымдағы жылы бекіткен жаңа бюджеттік саясаты белгілі бір деңгейде осы проблемаларды тағы да көтереді. Сонымен қатар, қолданыста жүрген Бюджет кодексінде бюджет қаражатының түпкі нәтижеге бағдарланғаны, оның тиімді болуы тиістігі жазылғанымен, бұл шын мәнінде солай болып жатқан жоқ. Тіпті біз «түпкі нәтиженің» не екенін және «тиімді пайдалану» ұғымдарын сол кодекстен таба алмаймыз да», – деді Г.Қарағұсова. Ал Мәжіліс депутаты Омархан Өксікбаев бюджеттерді жоспарлау және оларды орындау кезінде проблемаларды болдырмау үшін Үкіметке әр бюджеттік

бағдарлама бойынша жауапты адамды тағайындау туралы ұсыныс жасады. «Қолданыстағы заңнамада бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің жауапкершілігін қарастыру керек. Тіпті асыра сілтенген бюджеттік өтінімдерді қасақана қалыптастыру фактілерін болдырмау үшін, бюджеттік өтінімдегі ақпарат пен есептер ақиқатқа сай келмесе, тіпті қылмыстық жауапкершілік болуы тиіс», – дейді О.Өксікбаев. Бюджетті қалыптастыруда әрбір жоспар үшін жауапкершілікті нақты белгілеудің маңызы үлкен. Депутаттың айтуынша, мұнымен қатар, нәтижеге бағдарланған бюджет іске асырылатын елдерде, бұл үрдісте талдау жасайтын маманның рөлі ерекше. Есеп комитетінің республикалық бюджет жобасына алдын ала талдау жасау нормаларын енгізетін уақыты жеткенін айта келе депутат, мұндай норма көрші Ресейді қоса алғанда, әлемнің көптеген елдерінде қолданылатынын мысал ретінде келтірді.

Қаржы игере алмаған министрліктердің көшін ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі бастап тұр. Олар 9 млрд. 678 млн. теңгені игере алмаған. Ал ҚР Қаржы министрлігі – 8 млрд. 538 млн. теңге, ҚР Білім және ғылым министрлігі – 7 млрд. 240 млн. теңге, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі – 6 млрд. 345 млн. теңге, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі – 6 млрд. 55 млн. теңге, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі – 2 млрд. 285 млн. теңге, ҚР Қауіпсіздік комитеті – 1 млрд. 411 млн. теңге, ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі – 1 млрд. 388 млн. теңге, ал ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – 1 млрд. 304 млн. теңгені игермеген екен

Игерілмей қалған қаржы туралы Мәжіліс депутаты, «Халықтық коммунистер» фракциясының өкілі Жамбыл Ахметбеков те сөз қозғады. Депутат Үкіметтің бүгінгі жұмысын игерілмей қалған қаржыға қарап бағалауға болатынын мәлімдеді. Өткен жылы игерілмей қалған қаржының көлемі 50 млрд. теңге шамасында болған. Быыл ол көрсеткіш үш есе өсіп отыр. Сондай-ақ, Ж.Ахметбеков быыл бюджеттік бағдарламалардың орынсыз қымбаттап кететініне алаңдаушылық білдірді. Бюджет қаражатын тиімді пайдалана алмай отырғандардың бірі – Ауыл шаруашылығы министрлігі екенін айтты.

Сондай-ақ, депутат еліміздегі монополистер халық есебінен пайда тауып отырғанын ашып айтты. Табиғи монополистер туралы заңның нормаларына сәйкес тұтынушылардың есептегіш құралдары болуы, ол монополист компания есебінен орнатылуы тиіс екен. Алайда, олар есептегіш құралдарды орнатудың орнына сараланған тарифтер арқылы 200-300 есе пайызбен пайда тауып отыр. Депутаттың мәлімдеуінше, жылу, су, газбен қамтамасыз ету мәселелерінде монополистердің әрекетін әшкерелейтін нақты дәлелдер бар екенін жеткізді. Ал Владислав Косарев болса, «Бытырғы жылғы шілде айынан бері іске асырылып келе жатқан жұмыспен қамту бағдарласы 25 мың адамды ғана жұмыспен қамтыған. Ал 2,5 миллион адам әлі жұмыссыздардың қатарында. Мұның жанында ың қасында 25 мың деген не, тәйір? Бар болғаны бір-ақ пайыз. Егер Үкімет пен жергілікті атқару органдары жұмыспен қамту мәселесін осы қарқынмен жүргізетін болса, жүздеген жыл керек», – деді.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Қызмет саудаға түспеуі тиіс

ҚР Экономикалық қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Андрей Лукин лауазымды қызметті сатушыларды қатаң жазалау керектігі жөнінде агенттік қылмыстық Кодекске қосымша ережелер ұсынғаны жайында мәлімдеді. Бұл ұсыныстар қылмыс Кодексінің жаңа жобасына енгізіліпті.

Бұл жоба төрағаның орынбасарының ойынша еліміздегі етек алған сыбайлас жемқорлықтың жолына тосқауыл болмақшы. Ал жемқорлық дегеніміз 6 жыл санап күш алып бара жатыр. Биылғы жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар бойынша ғана 6 миллиардтан астам қаржы ұрланған екен. Осыны ескере отырып кейбір заңдарымызды қатайту көзделіп отыр. Мысалы, бюджет ақшасын мақсатсыз жұмсауды қылмыстық істер қатарына жатқызу да ойластыруда.

Орынбасардың ойы орынды екені рас, тәртіпті қатайту керек. Бұл жобаны баяғыда ұсыну керек еді. Біздегі қызмет орындарының сатылатыны бұрыннан белгілі немесе тамыр-таныстықпен үлестіріледі. Қызмет жайын жария еткенде Лукин қандай қызметтерді

сатуға болмайтынын ашық айтпады. Сол сияқты қандай қызметтер қаншаға сатылып жатқанын, оларды кімдер сатқаны жөнінде нақты деректер келтірмеді. Содан кейін аудан, облыс әкімінің немесе министр мен оның орынбасарларының қызметін сатқаны үшін бірдей жазалана ма, әлде әрқайсысының өз өлшемі бар ма? Мектепке мұғалім болып орналасу мен әкімнің орынбасары болудағы төленетін ақша айырмашылығы сияқты жазаланатын жолдары да әртүрлі бола ма? Сұрақ көп. Жаңа заң осылардың бәріне жауап беруі қажет еді ғой. Бір қайнауы ішінде жүрген заңдар бізде онсыз да жеткілікті. Сондықтан қандай заң жобасы болмасын әбден пісіріп барып елге жариялап, ұсынған дұрыс дер едік.

## Қанағатсыздық

Біздің банк жүйесінің жұмысы жиі сынға ұшырап, салымшылар мен алымшылардың үнемі наразылығын тудырып келе жатқаны жасырын емес. Берілетін несиелердің жоғары пайызы алымшылардың адымын аштырмай, күннен-күнге қарыздың қыл арқанын қыса түсуде. Банк ісін жақсы білетіндердің айтуынша біздегідей жоғары пайызбен ақша беретін банктерді жер жүзінен табу қиын екен.

Банктердің бұл қитұрқы әдісін жақсы білетіндер оны алыстан айналып, ағайын-туыстары мен таныстарына да осыны айтады. Қарызын қайтара алмай өздеріне қол жұмсағандар қаншама. Осыны көре, біле тұра кейбіреулер ешқандай аса қажеттілік болмаса да банктен қарыз алуға құлшынып тұратыны бар. Көршісі көлік алса, қызметтесі жаңа телефон алса одан қалыспас үшін банкке жүгіретінін қайтерсіз. Қазақта тағы бір жаман әдет бар,



қарызға кіріп той жасау. Осының бәріне ерікті түрде барып, қарыз деген қызылқоз пәлемен байланыспауға болар еді ғой.

Белгілі саясаткер Петр Соиктің айтуынша, пайыздық өлшемдерді өлгенше көтерген банктер өздерінің өмірін қысқартып отырғанын байқамайтын көрінеді. Қанағатсыздықтың ақыры оларды орға жығары сөзсіз. Жоғары пайыз адамдарды қарызға батыратыны өз алдына, ертең өздері жабылуға мәжбүр болады. Өйткені, жылдан-жылға несиесін қайтара алмайтындардың саны артып келеді. Қазірдің өзінде халықаралық қаржы қорының соңғы сараптамаларына қарағанда қазақстандық банктер берген қарызын қайтара алмау жөнінен әлемде бірінші орында тұр екен. Бұл ненің белгісі, тағы да сол тойымсыздықтың көрінісі. Өйткені, оларға бүгін жоғары пайыз қойып, молырақ қарпып қалу керек. Ертеңгі күнді ойлауға бүгінгі ақшаның буы көздерін байлап отыр. Бұл адамдар мен банктің ғана емес, ұлттық экономикаға да кері әсерін тигізері сөзсіз.



**Қазіргі таңда әділ соттың төралігін айтып, қара қылды қақ жарады деген судьялардың заңға қайшы әрекеттерге барып жататыны жасырын емес. Осыдан кейін әділдік іздеген қарпайым халық қайда барарларын білмей дал болады. Жақында Астанада Қазақстан судьялар одағының 6-шы съезі өтіп, біраз мәселелер қаралды. Осы ретте білгілі адвокат, Алматы қаласы адвокаттар алқасының мүшесі Шынқуат Байжанов «НГ» газетінің сот жүйесі мен судьялардың жұмысы жайында сұрақтарына жауап берді.**

жемісті жұмыс атқарған, білімі мен білігі тең түсетін тәжірибелі мамандарды тарту керек деп есептеймін. Кейбір соттарға барсаңыз, құқық қорғау саласында жұмыс істеп көрмеген жастардың отырғанын байқайсыз. Олардың өмірбаянына көз жүгіртсең, бір компанияда заңгер болған болмаса сот орындаушы болып қызмет атқарған болып шығады. Ары кетсе соттың хатшысы болған болғанын білесіз. Ал құқық қорғау саласында талай жыл қызмет еткен адамдар болса, судья бола алмай бекерге жүр. Өз басым құқық қорғау

қызметке қаншалықты лайықты екенін талқылап, дұрыс шешім қабылдай алады. Бұдан кейін депутаттардың сынынан сүрінбей өткен азаматтарды жаңа қызметке бекітуге Елбасының қарауына жіберген жөн. Осы бір жайтты іске асырсақ, сот жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алатыны сөзсіз. Бұдан басқа сот жүйесіндегі жұмыстың ақсауына соңғы кездері қарайтын істердің шамадан тыс көбейіп кеткені де әсер етіп отыр. Биылдың өзінде еліміз бойынша судьялар бір миллион істі қарауға мәжбүр болған. Мұрнынан шан-

90 мың теңгені құрайды. Көз майын тауысып, том-том істерді қысқа мерзімде оқып шығатын қазылардың әлеуметтік жағдайын толықтай шешілмеген. Олар осыдан кейін жемқорлық оқиғаларына шатылады. Қара қылды қақ жарып, әділдігін айтады деген сот саласында жемқорлықтың орын алуы мемлекетіміз үшін үлкен қасірет екенін мойындауымыз керек. Сондықтан бірінші кезекте аудандағы судьялардың айлығын көтеріп, жұмыс істеуіне барынша жағдай жасаған жөн. Өйткені, істің көпшілігін осы аудандық соттар қарап отыр.

## ТӘЖІРИБЕЛІ ЗАҢГЕР СУДЬЯ БОЛУЫ ШАРТ

**– Әңгімеіздің сот жүйесінің жұмысын жүргізетін судьялардан бастасақ. Олардың жұмысына көңіліңіз тола ма?**

– Бүгінде сот жүйесінің жетілдіретін тұстары жетеді. Соның бірі, судьялардың кәсіби біліктілігін көтеру. Судьялық қызметке білігі жоғары, өмірлік тәжірибесі мол заңгерлерді тартқан жөн. Өйткені «бес саусақ бірдей емес». Еліміздегі екі мыңнан астам судьяның арасынан кәсіби деңгейі төмен судьялар да кездесіп жататыны жасырын емес. Сот жүйесі биліктің ең негізгі тармағы. Судьялардың қызметі тек Конституциялық заңмен реттеледі. Себебі, сот төресі заң қызметінің ішіндегі ең жоғары мәртебеге ие тұлға. Соңғы жылдары судьялық қызметке қатысты бірқатар сындар айтылып жүргені жасырын емес. Мұның өзіндік себептері бар. Бірінші кезекте бұл мәселе маман мәселесіне қатысты болып тұр.

**– Сонда қазіргі судьялардың біліктілігі төмен ба?**

– Қазіргі таңда төрелік айтуға лайықты азаматтарды шекесінен шертіп жүріп таңдап алатындай кадрлық әлеуетіміз бар. Өз басым сот төрелігін айтатын судья қызметіне прокуратура, адвокатура және құқық қорғау органдарының тергеу бөлімдерінде

саласының қиын да, жауапты қызметінен өтпеген азаматтар сот залында дұрыс төрелік айтады деп айта алмаймын. Қазір аузынан емшек сүті кеппеген судьялардың көпшілігі министрдің жақыны, болмаса, белгілі композитордың туысы болып келеді. Олардың тәжірибесіздігі сот барысында көзге көрініп тұрады. Сондықтан судьяларды тағайындау кезінде олардың құқық қорғау және адвокатура саласында іс-тәжірибеден өтуіне баса мән берген жөн. Бұл ретте «НГ» газетінің оқырмандары еліміздегі судьялардың бәрі тәжірибесіз, бос белбеу деп ойлап қалмасын. Мен тек ішінара өзім көріп, куә болған жайттарды айтып отырмын. Әйтпесе, бізде білікті судьялар баршылық.

**– Судьялардың жұмысын жетілдіруге қатысты тағы қандай ұсыныс айтар едіңіз?**

– Биыл елімізде ауыл әкімдерін сайлау өтті. Әкімдерді сайлау ісі жергілікті жерде халықатынан өкілдік етіп отырған мәслихат депутаттарына сеніп тапсырылғаны баршаға аян. Өз басым бүгінде аудан көлеміндегі судьяларды сайлаудың кезі келді деп есептеймін. Өйткені мәслихат депутаттарының судьялыққа кандидатурасын ұсынған азаматтардың жауапты

шылып, қыруар істі қараған судья мұндай жағдайды істі сапалы орындай алмайтыны айтпаса да түсінікті. Осылайша істің көп болуы судьялардың жұмыс сапасына кесірі әсерін тигізуде. Қазір болмашы істің бәрі сот қарауына жіберіледі. Жергілікті әкімдіктер деңгейінде шешілетін істердің өзі сотта кезегін күтіп жатады. Осы тұрғыдан алғанда сот жүйесінің жұмысын жетілдіруге қатысты заң жобасын қайта қарап, бірқатар істерді әкімшіліктердің қарауына берген де жөн шығар деп ойға қаламын. Қазіргі таңда кез келген әкімдікте білікті заңгерлер жұмыс істейді. Солардың өзі жеңіл-желпі істерді дөңгелетіп әкететіні анық. Болмаса істі қарайтын судьялардың санын арттыру керек. Өйтпеген жағдайда судьялар істі сапалы орындамай, сан қуып кететіні анық. Кез келген істің ар жағында адам тағдыры жатыр. Сондықтан бұл мәселені судьялардың санын көбейтіп шешкен жөн. Егер істерді әкімшіліктер мен басқа органдарға тапсырсақ, әлеуметтік-саяси жағдайларды ушықтырып алуымыз ықтимал. Сондықтан бұл мәселені судьялардың санын арттырып шешуден басқа амал жоқ. Бұдан басқа судьялардың әлеуметтік жағдайын да жан-жақты дамыту керек деп есептеймін. Қазіргі таңда аудандардағы судьялардың жалақысы 80-

**– Сот орындаушылардың ісі де шатқаяқтап тұрғаны жасырын емес. Бұл жайт та сот жүйесінің алға басуына кедергі келтіріп тұрғаны жасырын емес. Бұған қатыстыне айта аласыз?**

– Бұл өте өзекті мәселе. Мұны халықтың сот жүйесіне деген сеніміне көлеңке түсіріп тұрған жайт деп қарастыруымызға болады. Бұл мәселе қоғамда жан-жақты талқыланды. Сот орындаушылардың айыпкерге сот шешімін орындататын тетіктерін дамытуымыз керек. Қазіргі таңда сот орындаушылар айыпкер адамның соңында салпақтап жүр. Осыдан бірнеше жыл бұрын сот актілерін орындау ісін Батыс елдеріндегідей жекенің қолына берілген болатын. Өз басым бұдан сот актілерін орындау саласында оң өзгеріс болады деп айта алмаймын. Тек ақшасы барлар жекеменшік сот орындаушыларға ақысын төлеп, істерін орындатуға күш салуда. Ал қарапайым халық пен мемлекеттің ісі сол күйінде жабулы қазан күйінде қалуда. Меніңше, бұл мәселені сот орындаушылардың құзыретін кеңейтіп шешкен жөн. Сот орындаушы бірінші кезекте ескерту жасағын, екіншісінде қылмыстық іс қозғайтын мүмкіндік берсек, бұл саладағы бар мәселе оң шешімін табатына сенімдімін.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Соттардың үстінен 600 шағым түскен

**Қазақстандағы түрлі деңгейдегі сот орындарының жұмысына байланысты наразылық білдірген арыз-шағымдар саны жыл өткен сайын он пайызға өсіп келеді.**

Бұл ресми көрсеткіштерді журнал-истермен өткізген брифингте Қазақстан судьялары кеңесінің төрағасы Анатолий Смолин мәлімдеді. Төрағаның айтуынша, биылғы жыл басынан бері қызметтік этиканы сақтамағаны үшін 39 судья жазаланған. Соған қарамастан үстіміздегі жылы қара қылды қақ жаратындардың қызметіне көңілі толмайтындықтарын білдірген 600 арыз түсіпті. «Бізге келіп түскен 370 арызақпараттық негізде болғандықтан олар арнайы қаралмайды. Ал, 270 шағым расталмады. Бірақ біз кез келген шағымды назардан тыс қалдырмай судьялар қатарында орын алған тәртіп бұзушылықпен, жемқорлықпен қатаң күрес жүргіземіз», – дейді Анатолий Смолин. Құқықтық жүйені реформалау жөніндегі жұмысты, әсіресе оның өзегі – сот төрелігі жүйесін күшейту қажет. Біздің құқықтық жүйенің бәсекеге қабілеттілігін оның көпшілік құқығындағы да, жеке құқықтағы да барлық негізгі салаларында арттыруға

тікелей байланысты. Қазір сот билігі тармағының беделін, тәуелсіздігі мен тиімділігін арттыру жөнінде ауқымды жұмыстар атқару керек.

Сот саладағы жемқорлық, тамыртаныстық, жазықсыз жандарды жазалап, жазықтыларды жақтағандары туралы мәселе қарала ма екен деген көпшіліктің көкейіндегі сұрақты да естеріне сала кеткен жөн сияқты. Өйткені, бүгінгі күні судьялардың өздері пара алумен ұсталып жатқаны жасырын емес. Соған қарап, судьяларды соттайтын тағы бір сот ашу керек деген де пікірлер айтылып қалып жүр. Бір жыл толмай жатып, олардың үстінен 600 арыз түсуі тегін емес. Заң алдында кіршіксіз жүретін жандарымыздың жағдайы осы болса қалғандарынан не күтуге болады? Сондықтан сот, жалпы құқық қорғау орындарында заң бұзушыларға қарсы қатаң шаралар қолдану жөнінде нақты шешім қабылдау қажет. Сонда ғана сотқа деген халықтың сенімі артады.



# «БАРАХОЛКАНЫ» ТАҒЫ ДА ӨРТ ШАЛДЫ

Жақында «Барахолка» тағы да өртке оранды. Бұл жол тілсіз жау «Құлагер», «Арал» және «Глория» базарларындағы саудагерлердің тауарларын күлге айналдырды. Қою қара түгінді қаланың әр аумағының көруге болады. Соңғы кездері қара базардың өртке орануы жиілеп кеткені жасырын емес. 13 қыркүйекте аталған базарда үлкен өрт орын алып, саудагерлер миллиондап шығын шеккен-ді. Енді тағы да өрт орын алуға.

Куәгерлер тілсіз жау түнгі сағат 3 шамасында тұтанғанын айтуда. Таңғы алтыда ерте жұмысқа келген саудагерлердің біразы тауарларын қауіпсіз аймаққа шығарып үлгерген. Ал жұмысқа кештеу келген саудагерлерді құқық қорғау органдарының қызметкерлері қауіпті аймаққа жібермеген. Бар жиган-тергені отқа оранып жатқанын көрген кәсіпкерлер наразылығын білдірде. Өрттің неден тұтанғаны әлі толық анықталмаған.

Үстіміздегі жылдың 13 қыркүйегінде «Олжа», «Аян», «Керемет» және «Алтау» базарлары ортқа оранып, 5400 шаршы метір жер түгелдей күлге айналған болатын. Бұл жолғы өртте саудагерлердің қалтасына үлкен шығын келтіріп отырғаны даусыз.

Өрт орын аладрдан бұрын екі-үш күн бұрын қала басшыларының базарды босатындар деген ұсынысына наразылық білдірген «Арал» мен «Глория» базарларының саудагерлері бүгінде жер сипап қалды.

Тауарлары жанып жатқандардың жаны бірге жанды десе де болады. Біреулер жылап жатыр, енді біреулер жүректірі ұстап талып, құлғанын көзіміз көрді. Базар маңы шашылған аяқкиім, қорап толы тауарлар. Іргелес орналасқан «Заря востока» ауылының көшелері де дәп осындай көріністе қалды. Базардың

қасынан өтетін Үлкен Алматы каналының арнасы саудагерлердің аман алып шыққан тауарларына толды. Өйткені базар маңына машина өте алмайды, амал жоқ тауарын алысырақ тасуға мәжбүр болды. Осындай жағдайды пайдаланған біреулер базардан тауар ұрлап, өз пайдасын тауып жатты. Бұл күні тауар таситын арбақештер де табысқа кенелді дегуе болады. Әрбір қатынағандары үшін жүк тасудың бағасын 50 мың теңгеге дейін көтеріп алған.

Саудагерлер өртті осы маңда жол айрығын саламыз деген құрылыс компанияларынан көріп отыр. Әрине, қылмыскерді қолмен ұстамаған соң оны ешкім дәлелдей алмасы белгілі. Айғақсыз кімді де болсын айыптау заңымызға жатпайтын іс.

– Тым болмаса алдын ала ескертіп, босатындар десе ғой. Біздің қатардағы саудагерлер еш нәрседен хабарсыз, – дейді «Құлагер» базарында сауда жасайтын Жүніс атты жігіт ағасы.

«Олжа» базарындағы өрттен сіңілім зардап шекті. Жүрегі қысылып ауруханадан бір-ақ шықты. Енді амал жоқ, үйін сатып қарызға алған ақшаларын қайтармақшы. Бүгін міне сол күйге өзім де түстім. Осыны ұйымдастырған адам екі дүниеде жақсылық көрмей кетсін. Халықтың көз жасы жібермесін оңбағандарды. Олар да бала-шаға



асырап отырған шығар...», – деп зар жылаған елулерді еңсеріп қалған әйел сөзін аяқтай алмай жерге сұлқ құлап түсті.

Өрт сөндірушілердің қимылдары тым баяу. Сулары таусылды ма, машиналары базар маңында сағаттап қантарылып тұрды. Көкті күңгірентіп тік ұшақ тасыған су өрттің жұмырына жұқ болмаған. Сыртынан қараған адамға ожаумен су тасыған баланың ойына көбірек ұқсайды. Төтенше жағдайларда бұлай қимылдайтын болса өрт сөндірушілерден көмек күтпегеннің өзі дұрыс сияқты.

Иә, бізде ақша үшін небір қылмыстар орын алып жатқаны жасырын емес. Халықты жылатпай өзге сауда орталығын салып, көшіруге болатын еді ғой. Тағы да құрып кеткір ақша ондай жақсылық жасауға жол бермейді.

Осы күйіп жатқан контейнерлерді кезінде 25-30 мың доллардан сатып алғандар енді далада қалды. Айына әрбір сауда орны үшін 100 мың теңге жалдық ақысын төлесе де арандары ашылған базар иелері әлі де азсынып жатыр. Ондай жаңа базар салса тағы да сауда орындарын алдымен сатып, сосын ғана жалға беретіні белгілі. Саудагерлерді көшіріп, тегін сауда орнын береді дегенге ешкім сенбейді. Олардың айтуынша, жоғарыдағы ықпалды байлардың айқасы осыған дейін жеткізіп отырғанға ұқсайды.

Қалай дегенімізбен «Барахолка» мәселесін түпкілікті шешу керек. Базарлардағы саудамен өмір сүріп отырған мыңдаған адамдардың көз жасына қалмайтын бір нақты әрекет қажет. Құрылыс саламыз деп қарапайым халықты далада қалдыра берсек,

ертең жұмыссыздардың саны еселеп артуы ғажап емес.

Бүгінде «Барахолкадағы» біраз базарлардың жабылатыны анық. Сот орындаушылар 7 бірдей базардың қақпасына құлып салуға әрекеттенуде. Сот шешімімен «Ұлыгер» «Арал», «Адам», «Ақжар» және «Аягөз» сынды базарлар өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамағаны үшін жабылды. Табысы базармен байланысты қарапайым халық эмбебап сауда орнының алдына шығып, тиісті орындардан мәселені тездетіп шешуді талап етті. Саудагерлердің айтуынша, олар ешбір құлақтандыру немесе ескерту қағаздарын алмаған. Бұдан бұрын Алматы әкімшілігі шаһарда 40-қа жуық базардың жабылатынын немесе қайта құрылатынын мәлімдеген болатын.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## «Өжет» базарының басшылығы уәдесінде тұра ма?

Алматыда жаңа «Өжет» сауда орнына көшіп барған «Құлагер» базарының саудагерлері мен жаңа сауда орнының басшылығы арасында кездесу ұйымдастырылды.

Жаңа сауда орнының талаптары мен жағдайларына көңілдері толмаған саудагерлер бұл ретте өздерінің қоныс орындарына көңілдеріне толмайтынын жеткізді. Олардың айтуларына базар күл-қоқысқа толы, ал сауда жасауға арналған контейнерлер іріп-шіріген. Сондай-ақ тұратын орынның құны да қымбат. Мұнда сауда жасауға келгендерге жаңа орынды жалға берушілер алты ай мерзімге алдын-ала төлеуді талап еткен.

Мұнымен қатар, жалға алу құнының нақты бағасы да

әлі бекітілмеген. Сол себепті баға күніне мың құбылады. Өз кезегінде «Өжет» базарының директоры Владимир Красюков контейнерлерді жалға беру ісіне алып сатарлар мен алаяқтардың араласып кеткенін, алдағы уақытта бұл мәселе нақты шешіліп, жалға алу құнының нақты бағасы белгіленетінін тілге тиек етті. «Және де сіздердің алдарыңызда айтарым, бірде-бір саудагер 2014 жылдың 1 наурызына дейін жалға алу құнын төлемейтін болады. Сіздерге берер уәдем осы. Бұл сіздердің аяқтан тұрып кетулеріңізге септеседі. Ал контейнерлерді жалға бергенді ісін заң жүзінде қарастырамыз» деді осы орайда Красюков. Өз сөзінде ол базарда барлық санитарлық талаптар сақталғанын, бұдан сырт өрттің алдын-алу мақсатында базар басшылығы арнайы өрт сөндіретін көлік сатып алғанын айтып өтті. Келесі жылдан бастап мұндай павильондар орнатылатын болады. Директордың айтуынша жаңа орындар саудагерлерге олардың жұмыссыз қалдырмау мақсатында берілген. Қазіргі күні базарда 1200 орын тапқан. Алдағы уақытта қосымша тағы 1500 орын бөлінбек. Бұл ретте шараға арнайы қатысқан ақпарат құралдары базардың ішкі тыныс-тіршілігімен танысуға мүмкіндік алды.



## Астанада бизнестің дамуы төмендеуде

Кәсіпкерлікті қолдауға байланысты жасалып жатқан жұмыстарға қарамастан, елордалық кәсіпкерлердің белсенділігі төмен. Мұндай пікірді бүгін Астана әкімшілігінде елордалық кәсіпкерлер палатасымен өткен отырыста қала әкімі Иманғали Тасмағамбетов білдірді.

«Бүгінде Астанада «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша 6 мыңнан астам кәсіпкер қамтылған. Жалпы сомасы 50 млрд. теңгенің 265 жобасы мақұлданған. Дегенмен, жасалып жатқан жұмыстарға қарамастан, шағын және орта бизнестің белсенділігі аз болып тұр. Мәселен, биыл өнеркәсіптік инфрақұрылым жасау саласындағы бағдарлама бойынша кәсіпкерлерден өтінімдер түспеуіне байланысты мемлекет тарапынан бөлінген 700 млн. теңгені біз Үкіметке қайтарып беруге мәжбүр болдық», – дейді ол. Әкімнің айтуынша, мұндай олқылықтардың басты себебі кәсіпкерлердің өздеріне жеңілдік беретін бағдарламалардан толық құлағдар емес екендігі болып отыр.

– Биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша Астана қаласының бюджетіне шағын және орта бизнес өкілдерінен 44 млрд. теңге көлемінде түсім түскен. Бұл былтырғымен салыстырғанда 20 пайызға артық көрсеткіш. Яғни шағын және орта бизнестің даму қарқыны жақсы. Осы қарқынды одан әрі күшейтуге қаламызда барлық жағдайлар жасалған, – деп атап өтті қала басшысы.

Оның айтуынша, бүгінде Астана халқы ресми деректер бойынша 800 мың адамнан асқан. Ал солардың ішінде 430 мыңға жуығы еңбек жасындағы тұрғындар. Бүгінгі күнде тіркелген 47,5 мың шағын және орта бизнес субъектілері осы 430 мыңға жуық тұрғындардың жартысына жуығын еңбекпен қамтып отыр.

Бүгінгі күні адамдардың көп саны ипотека алуға бет бұрады. Бұл жақсы дайындық пен қажетті мөлшерде мәліметтерді қажет ететін маңызды іс. Ипотекалық несиелендіру кезінде бірінші кезекте қандай жайттарға көңіл бөлу керек? Ипотеканы рәсімдеу үшін сан алуан банктердің шарттары, құжаттар тізілімдер мен нысандары қандай? Берілген бөлімде ипотекалық несиелендірудің негізгі жайттары туралы ақпарат берілген.

Ипотекалық несие беру жағынан халықтың көңілінен шығып жүрген банктің бірі – «Қазкоммерцбанк» басшылары үстіміздегі жылғы қараша айынан бастап ипотекалық несие беруді үзілді-кесілді тоқтатты. Банк сарапшыларының пікірінше, көп көлемдегі қаржыны ұзақ мерзімге – 20 жылға қарызға беру банк үшін тіпті де тиімді болмай отыр. Бұл жөнінде «Қазкоммерцбанк» АҚ-тың кредит беру департаментінің

**Қазіргі уақытта ел тұрғындарының ипотекалық несие алу күннен-күнге қиындап барады. Бұдан банктері ипотекалық дағдарысқа ұшырай бастағанын байқайсың. Тіпті кейбір банктер ипотекалық несиені берудің шарттарын анағұрылым қиындатып жіберген.**



барлық жайттарын ашып алу үшін ипотекалық несие бойынша ұсынылған ақпаратпен назар салып танысыңыз.

Ипотека дегеніміз – бұл, ең алдымен, банк бизнесі. Егер дамыған елдерде аталған банк өнімі бойынша жылына 2-4 пайыз сый-ақы мөлшерлемесі қалыпты жағдай саналса, қазақстандық банктер 12-14 пайыз алуға еш қымсынбайды. Егер барлық қосымша қызмет пайызы мен комиссияларды қосып алсақ, мұндағы жылдық пайыз мөлшерлемесі 20 пайыздан арыға барып жығылады. Сондай-ақ банктердің көбісі борышкердің келісімінсіз пайызды зорайта алады, яғни қарыз уақытында төленбесе. Айналып келгенде, үйсіз қалу қаупі жоғарылайды. Өйткені пайыздар үстемеленген сайын тұтынушының да несиені жабу қабілеті әлсірейдігі белгілі. Бізде осындай түйіткілдер бар.

Қазір Қазақстанда жыл сайын бар болғаны алты, жеті миллион шаршы метр тұрғын үй салынады.

## ИПОТЕКАНЫ ТОҚТАТУ ДАҒДАРЫСТЫ ӨРШІТЕДІ

басшысы Жұмабек Мамұтов: «Рас, біздің банк біраз уақыттан бері теңгемен ұзақмерзімдік несие беруді тоқтатуға мәжбүр болды. Бұл қаржы нарығында орын алып отырған проблемалармен тығыз байланысты. Дегенмен ұзақмерзімдік несие беруді тоқтатып қана қоймай, оның тиімді жолдарында іздестірудеміз. Мәселе қалай шешілсе болды, ұзақмерзімдік кредит беруді қайта жандандыруымыз мүмкін», – деді.

Алайда көпшілікті толғандырған ипотекалық кредит беру мәселесі туралы басым көпшілік банктердің қызметкерлері әзірге, жұмған ауыздарын ашпай отыр. Ал Қазақстанның ипотекалық компаниясы тұрғын үй сатып алуға бөлінген кредиттердің

соңғыларын тұрғындарға беруде.

– Алдағы жылдан бастап тұрғын үй сатып алуға берілетін ұзақмерзімдік кредит беруді толық тоқтатамыз. Өйткені тұрғын үй бағасының күрт қымбаттауына байланысты елдің кредит алуға деген ынтасы азайып барады. Бұл – біріншіден. Екіншіден, бұған жалақының бастапқы қалпында қалуы және кредитті қайтару барысында төленетін қаржы пайызының көп жылдан бері қаралмауы да себеп болып тұр, – деді Қазақстанның ипотекалық компаниясының мамандары. Ал экономист Мирас Бәйтенұлының пікірінше, банктердің ұзақмерзімдік ипотекалық кредит беруден бас тартуының басты себебі басқада көрінеді.

– Мысалы, бір банк сан мыңдаған тұрғынға теңгемен ұзақ мерзімге ипотекалық кредит берді делік. Егер күтпеген жерден теңге девальвацияға ұшырай қалса, сөз жоқ, әлгі банк мұның зардабын тартады. Бұған қоса, банк атаулының ұзақмерзімдік кредит беруді уақытша болса да тоқтата тұруы – қаржы нарығындағы қалыптасқан жағдай. Сондықтан бүгін-ертең немесе таяу уақытта ипотекалық несие нарығында ілкімді «қозғалыс» болуы мүмкін деп айту өте қиын, – дейді Мирас Бәйтенұлы.

Бұл тұста несие мәселесін зерттеп жүрген сарапшылардың мына бір ой-пікіріне де назар аударған жөн. Олардың айтуынша, халық арасында қаржы мәселесіне қатысты ежелден қалыптасқан бір жайт мынандай. Егер ойламаған жерден жылжы-

майтын мүліктің бағасы күрт аспандай бастаса, әліптің артын бағып, қаржысын қолында «уыстап» отырған бәзбіреулер қолындағы бүкіл қаржысын дереу өздері ұнатқан жылжымайтын мүлікті сатып алуға жұмсайтыны ақиқат. Сөз жоқ, мұндай уақытта қаржы нарығындағы сең өздігінен қозғалып, тұрғындар абыр-дабыр күй кешетіні анық. Өйткені қаржы нарығының заңы осындай!

Заемшыға қойылған шарттар, несие мерзімі, пайыздық мөлшерлеме сияқты ипотекалық шарттар әр түрлі банктерде үнемі өзгеріп отырады. Жана ипотекалық бағдарламалар пайда болады, заемшыға қойылатын талаптар өзгеріп тұрады, пайыздық мөлшерлемелер көтеріледі немесе керісінше төмендетіліп отырады. Ипотеканы рәсімдеудің

Ал бұл – халықтың тұрғын үйге деген сұранысын қанағаттандыра алмауда. Үкіметі жыл сайын салынатын үйдің ауқымын 10-12 миллион шаршы метрге жеткізуі тиіс. Бүгінде жаңадан салынып, пайдалануға беріліп жатқан үйлердің кем дегенде 20-30 пайызы ипотекалық несие жағдайында сатылуда. Демек, ипотекалық кредит мәселесінде қолдан дағдарыс жасаудың еш қажеті жоқ. Ең бастысы, егер ұзақмерзімдік ипотекалық кредит беру тоқтатылған жағдайда тұрғын үйлерді сатып алу көрсеткіші де күрт бәсеңдейді. Ал бұл – кең-байтақ елімізде көпқабатты тұрғын үй салу қарқыны бүгін болмаса да, күні ертең тұралайды деген сөз. Сондықтан Үкімет банктерді бұл әрекетін бақылауға алуы тиіс.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

### Кеншілер 5 мың доллар алып жұмыстан шығуда

**«Арселор Миттал Теміртау» кәсіпорны кенші-регрессшілдерге берешек өтемақыларды бірінші желтоқсанға дейін тиын-тебеніне дейін беріп есептесуі керек. Бірақ, бұл Үкімет жүктеген шаралар әлі де өте баяу іске асуда. Оған қоса қулығына құрық бойламайтын миллиардердің кәсіпорнында жаңа «технологияларының» да беті ашылып жатыр.**



«Арселор Миттал Теміртау» компаниясының аты бірнеше жылдан бері БАҚ-тан түспей келе жатқаны белгілі. Әлемге аты әйгілі болған «Қарағанды металлургиялық комбинаты» деп аталған бұл алыптың тарихы талай жеңістерге

толы. Екпінді жастар құрылысы атанған үлкен ұжымда таңдай қақтыратын талай жетістіктер мен ұлы бастамалар қалыптасқан болатын. Одақ бойынша, тіпті әлемдік деңгейде ең алыттардың алдыңғы қатарында келген комбинаттың қазіргі күні қараң болды десек, артық айтқандық болмас еді. Оған басты себеп – комбинат қайта жарактану, өндірістегі ескі құрал-жабдықтарды ауыстырып, жаңа заманауи техникамен жабдықтау жұмыстарын өте баяу жүргізуде. Соған байланысты өнім сапасы төмендеп кеткен. Жалпы ұйымдастыру жұмыстары да ақсап жатыр. Ескірген құрал-жабдықтар бірінен соң бірі істен шығып, өндірісте айына бірнеше апаттар орын алып келеді. Бес жыл бұрын шахтадағы апатта жиырмадан астам адам мерт болды. Өзі Лон-

донда тұратын миллиардер Миттал сол жолы ғана қайғылы жағдайда амалсыздан келіп бас көрсеткеннен соң Қазақстанның жеріне қайтып аяқ баспапты.

Енді басында айтқан кәсіпорында пайда болған жаңа «технология» туралы айтсақ. Жұмыс орындарын қысқартуды біздің Үкімет қолдамайтыны белгілі. Бұл туралы арнайы қаулы-қарарлар бар. Қарардың қаһарына ілікпес үшін небір қитұрқы әдістер қолданылып жатқаны да белгілі. Мысалы, ақысыз демалысқа жіберу, жұмыс уақытын қысқартып, жұмысты айлыққа көшіру, аз жалақылы қосымша жұмыстарға жегу сияқты көпшілік түсіне бермейтін тәсілдер бар. Бұлардың бәрі қазір баршаға мәлім болған әдістер. Ал, «Арселор Миттал Теміртау» компаниясы ешкімнің ойына келмеген жаңажолтауыпты. Бұл тура-

лы Парламент Мәжілісінің депутаты, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшесі Мұхтар Тыныкеев мәлімдеді.

– «Арселор Митталдың» меншігіндегі компания адамдардың өз еркімен жұмыстан кету идеясын ойлап тауыпты. Мәселен, зейнет жасына аз қалған еңбеккердің қолына бес мың доллар беріп, оның жұмыстан өз еркімен кетуіне итермелейді. Нәтижесінде, өмірін шахтаға арнаған жұмысшы зейнетке шықпай жатып-ақ, жұмыстан кетуге мәжбүр. Бұл туралы еліміздің бас прокуратурасына хат жолдадым. Нақты дәлелдер де бар, – деді үнемі белсенділік көрсетіп жүретін халық қалаулысы. Қашанда қарапайым көпшіліктің қамын қарастырып, өткір сындарымен белгілі болған Мұхтар Тыныкеев бұл жолы Үкімет басшысына сау-

ал салуды артық санаған болу керек. Оның үстіне Митталдың Үкіметтен үрке қоймайтынын білгендіктен бе арызын тура прокуратураға жолдапты. Дұрыс істеген.

Шынында да бұл тың әдіс, тіпті ешкімнің басына келмеген жаңалық. Сонда қалай, жаңа құрал-жабдықтар алуға ақшасын аяған кәсіпорын адамдардан құтылу үшін соңғы тиынын сарп етіп, бәрине де баратын болғаны ма? Еліміздің металлургия алыбының бағын жандырамын деген Митталдың мұнысы түсініксіз. Әлде, алатын байлығын алып болып, енді қалғанын өздерің біліңдер дегені ме? Оларға тағдырымен ойнауға кім құқық берді екен? Сондықтан заң орындары Лакшми Митталдың қызметкерлерінің бұл ісін тергеуі керек